

## **7М01601-«ТАРИХ ПЕДАГОГІН ДАЯРЛАУ»**

### **БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

**Білім беру саласының коды және атауы:** 7М01 Педагогикалық ғылымдар

**Даярлау бағытының коды және атауы:** 7М016 Гуманитарлық пәндер бойынша педагогтарды даярлау

**Берілетін дәрежесі:** 7М01601-«Тарих педагогін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі

**Бағдарламаның типі:** магистратура, 7 деңгей ҰБШ/СБШ/ХСБЖ

**Жалпы кредит көлемі:** 120 академиялық кредит/120 ECTS

#### **БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ**

##### ***1.1 Бітірушінің кәсіби қызмет саласы***

Білім беру бағдарламасының түлегі өз кәсіби қызметін:

- орта, жоғары және қосымша кәсіптік білім беру ұйымдарында, ғылыми-зерттеу, жобалау ұйымдарында және өндірістік қызмет;
- білім беру саласында және өндірісте, мамандандыруға сәйкес біліктілікті арттыру саласында ғылыми-зерттеу қызметі;
- магистрінің алған біліктілігіне сәйкес басқару қызметі салаларында жүзеге асыра алады.

##### ***1.2 Бітірушінің кәсіби қызметінің нысандары:***

- жоғары және орта кәсіптік оқу орындары, ғылыми-зерттеу институттары мен жобалау-құрастырушы ұйымдар;
- техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары;
- негізгі, бейіндік және кәсіптік мектептер;
- педагогикалық қызметкерлерді даярлау, қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру мекемелер (институт, орталық, ұйымдар);

- кәсіптік білім беру саласындағы уәкілетті және жергілікті атқарушы органдар болып табылады.

### **1.3 Бітірушінің кәсіби қызметінің түрлері:**

- оқыту;
- тәрбиелеу;
- әдістемелік;
- зерттеу;
- әлеуметтік-коммуникативтік;
- ұйымдастыру-басқару.

### **1.4 Бітірушінің кәсіби қызметінің міндеттері**

#### **Оқытушылық:**

- білім алушыларды оқыту мен дамыту, оқыту және тәрбиелеу процесін ұйымдастыру;
- педагогикалық қызметтің нәтижелерін болжау, коррекциялау және диагностикалау;
- жалпы орта білім беретін және мамандандырылған мектептерде, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында, сондай-ақ жоғары білім беру ұйымдарында педагог қызметін атқару;
- педагогикалық процесті жобалау және басқару;
- кәсіптік қызмет саласында ақпараттық және компьютерлік технологияларды қолдану.

#### **Тәрбиелік:**

- білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне тарту;
- педагогикалық процестің заңдары, заңдылықтары, принциптері, тәрбиелік механизмдеріне сәйкес оқу-тәрбие жұмыстарын іске асыру;
- қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік негізінде тәрбие жұмысын ұйымдастыру;
- нақты тәрбиелік міндеттерді шешу,
- ұйымда жұмыс істейтін әріптестермен және білім алушылармен, серіктестермен сыйластық, ашықтық және өзара түсіністік қағидалары негізінде жақсы қарым-қатынас орнату.

#### **Әдістемелік:**

- білім үдерісін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асыру;
- білім беру мазмұнын әр түрлі деңгейде жоспарлау;
- оқыту процесін ұйымдастыру және жүзеге асыру әдістерін анықтау;
- оқыту процесінде жаңа педагогикалық және IT - технологияларды қолдану;

#### **Зерттеушілік:**

- білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерделеу және білім ортасын зерттеу;
- ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерделеу;
- ғылым, білім саласындағы озық педагогикалық тәжірибелерді зерттеу және жинақтау;
- педагогикалық эксперимент өткізу, оның нәтижелерін оқу процесіне енгізу;

- жаңа жағдайларда зерттеу мәселелерін шешу үшін әр түрлі пәндер аясында алынған білімді интеграциялау;
- кәсіптік салада ғылыми жобалар мен зерттеулер жүргізу және орындау мониторингтік зерттеулер жүргізу арқылы білім беру бағдарламаларының тиімділігін бағалау.

**Әлеуметтік-коммуникативтік:**

- көп мәдениетті тұлғаны қалыптастыру;
- білім алушылардың тәрбиеленуі мен дамуына қолайлы жағдай жасау және педагогикалық қолдау көрсету;
- кәсіби қарым-қатынасты және мәдениетаралық коммуникацияны қалыптастыру.

**Ұйымдастыру-басқару:**

- түрлі ұйымдармен, соның ішінде мемлекеттік қызмет органдарымен өндірістік байланыстарды жүзеге асыру;
- ұйымның стратегиялық басқаруын ұйымдастыру, инновациялық менеджмент, көшбасшылық теориясы негіздерін меңгеру;
- әр түрлі деңгейде оқу-білім беру үдерісін ұйымдастыру әдістерін анықтау және мазмұнын жоспарлау;
- ұйымдастыру және басқарудағы практикалық проблемаларды шешу;

### БІТІРУШІНІҢ МОДЕЛІ

1. **Пәндік білімі:** өзінің пәндік саласын терең және толық түсінеді, кәсіби қызметінде білімін қолданады.
2. **Ұйымдастырушы-әдістемелік қабілеті:** кәсіби қызметін жоспарлауда, ұйымдастыру мен басқаруда инновациялық технологияларды қолданады, кешенді проблемаларды шешуде *сыни ойлау мен креативтілік* танытады.
3. **Зерттеушілік дағдысы:** ғылыми-әдістемелік зерттеу жұмыстарын жүргізеді, ғылыми-ізденіс жұмыстарына шәкірттерін баулиды.
4. **Көшбасшылық және кәсіпкерлік дағдысы:** команда да жұмыс істей алады, қоғамды жаңарту процесінде белсенділік танытады.
5. **Мәдени құзыреттілік:** өз елінің мәдениетті және толерантты азаматы болу қабілетіне ие.
6. **Өмір бойы оқу қабілеті:** өз қабілеті мен мүддесін қоғам сұранысымен үйлестіреді.
7. **Ақпараттық дағдысы:** ақпараттық қоғамның мәнін түсінеді, кәсіби қызметінде АКТ-ны пайдаланады.

### БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША КҮТІЛЕТІН ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ

Білім беру бағдарламасын аяқтағаннан кейін бітіруші келесі қабілеттерге ие болуы тиіс:

**ОН1** – ғылыми танымның дамуындағы заманауи тенденциялар мен гуманитарлық ғылымның іргелі әдіснамалық және философиялық мәселелері жайлы білімін көрсетеді;

**ОН2** – әлеуметтік, этикалық және ғылыми пайымдауларды ескере отырып, өз пікірін қалыптастырудағы ақпараттық мәдениетін, шетел тілдерін меңгергенін көрсетеді;

**ОН3** – білім беру процесінде заманауи инновациялық технологияларды және жоғарғы мектептің психологиясы мен педагогикасы саласындағы білімін қолданады;

**ОН4** – ғылыми-педагогикалық қызметті ұйымдастырудың принциптері мен құрылымын жүйелі түсінгендігін көрсетеді;

**ОН5** – тарихи процестер мен құбылыстарды саралау үшін қазіргі тұжырымдарды, теориялар мен тәсілдерді сыни талдайды;

**ОН6** – зерттеу және педагогикалық міндеттерді шешу үшін пәндік және пәнаралық білімін интеграциялайды.

## Пәндер туралы мәліметтер

	Пәндердің атауы	Пәндердің қысқаша сипаттамасы (30-50 сөз)	Кредит саны	Қалыптастырылатын ОН(коды)					
				ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6
<b>Базалық пәндер циклы</b>									
<b>Жоғары оқу орны компоненті</b>									
1	<b>Ғылым тарихы мен философиясы</b>	Пән ғылыми жетістіктердің қалыптасу процесін және адамзаттың түрлі дәуіріндегі философиялық ойлардың дамуын зерттейді. Ежелгі заманнан қазіргі заманға дейінгі кезеңдегі философиялық түсініктер мен теориялар, сондай-ақ олардың заманауи ғылымға әсері қарастырылады. Философия және ғылым тарихы пәнін зерттеудің негізі-теорияларды, зерттеу әдістерін, сондай-ақ философия ғылымындағы онтологиялық және эпистемологиялық бағыттарды қарастырады.	4	+					+
2	<b>Шет тілі (кәсіби)</b>	Шет тілі курсы мәдениетаралық, коммуникативтік және функционалды құзыреттілігін қалыптастырады; ағылшын тілінде лексикалық және тілдік ерекшеліктерін дамытады; шетел тілінде дәлелдеу дағдыларын қалыптастырады және ағылшын тілде сөйлейтін елдерінің мәдени ерекшеліктерін түсінеді; әлеуметтік-мәдени нормаларды ескере отырып, тиісті тілдік құралдарды дұрыс таңдаумен тарих саласында білімін пайдалана отырып, өз ойын көпшілік алдында ашық айтуға үйретеді.	5		+				+
3	<b>Педагогикалық-психологиялық білім (Жоғары мектептің педагогикасы, Басқару психологиясы)</b>	Жоғары мектеп педагогикасын зерттеудің бағыттарын, құрылымын, жалпы гносеологиялық нұсқаулар жүйесін, педагогиканың ғылыми жүйе ретінде дамуының жаңа әдістерін және эмпирикалық жүйесін, онтогенездің кезеңдеріндегі тұлғаның қалыптасуын, психика дамуының ерекше заңдылықтарын, қазіргі психологиялық басқарудың негізгі бағыттары мен принциптерін, психологиялық білімдер мен іскерліктерді қарастырады, сондай-ақ интеграциялық білім негіздерін игертеді	6	+		+			+
<b>Базалық пәндер циклы</b>									
<b>Таңдау компоненті</b>									
4	<b>Ғылыми-зерттеу жұмыстарын жоспарлау және ұйымдастыру</b>	Ғылыми танымның методологиялық негізі мен ғылыми зерттеудің технологиясы, әдістері қарастырылады. Тарих ғылымдары саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру және жоспарлау талданады. Пәнде ақпараттық технологияларды қолдану арқылы аналитикалық, библиографиялық жұмыстарды жүргізу жолдары көрсетіледі. Ғылыми зерттеудің орындалуы барысында пәнаралық білімдер	5	+	+		+		+

		интеграцияланады.							
	<b>Ғылыми-зерттеу жұмыстарында ақпараттық технологияларды қолдану</b>	Пән заманауи ақпараттық технологиялар арқылы халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерден материалдар алудың талдау жолдарын, сондай-ақ интернет-ресурс мәліметтерін қолдану мүмкіндіктерін қарастырады. Кейіннен тарих ғылымының даму тенденциялары жайлы өз тұжырымдарын жасауға дағды қалыптастырады.							
5	<b>Қазақстан халықтарының тарихы мен мәдениеті</b>	Қазақстан халқының мультимәдени және полиэтникалық құрамының қалыптасу тарихы, тұжырымдамалары мен Қазақстан территориясында мекен ететін халықтардың рухани және материалдық мәдениеті қарастырылады. Қазақ халқы мен қазақ жеріндегі басқа да мәдениет өкілдерінің мәдени жетістіктері мен құндылықтарын, түрлі мәдениеттердің тәжірибесі мен өзара әрекеттесуі, зерттеу міндеттерін шешу дағдыларын қалыптастыру сипатталады және талданады.	5	+				+	+
	<b>Этнологияның іргелі мәселелері</b>	Қазақ халқының этногенезі мен этникалық тарихы, мәдени-шаруашылық жүйесі, дәстүрлі материалдық және рухани мәдениеті секілді этнологияның іргелі мәселелерін сипаттау барысында әлеуметтік, ғылыми ойларды зерделейді. Этнос теориясының жалпы қабылданған қағидалары мен арнайы түсініктерін, этногенетикалық және этникалық процесстерді зерттеудің әдістемелік дәстүрлерін талдайды.							
6	<b>ЖОО-да тарихты оқыту әдістемесі</b>	ЖОО-да тарихты оқыту әдістемесінің даму кезеңдері, принциптері қарастырылады. Тарихты оқыту процесінде тарихи білім, білік, дағдыларды қалыптастырудағы АҚТ-ны пайдалану мүмкіндіктерін талдайды. Оқытудың әдістері мен әдістемелік тәсілдері талданып, оларды тиімділігіне қарай жіктелу жолдары сипатталады, тарихты оқыту жұмыстарын ұйымдастыру формалары мен нәтижеге бағытталған тарихи білім беруді көпшілік алдында көрсете алу механизмі сарапталады.	5	+	+	+			+
	<b>Жоғары мектепте тарихты оқытудың инновациялық әдістері</b>	Тарихты оқыту қағидастарын іс-тәжірибелік тұрғыдан іске асыруға мүмкіндік беретін жаңа механизмдер талданып, тарихты оқытуда қолданылатын интерактивті, инновациялық әдістер мен АҚТ-ны қолдану жолдары сараланады. Сабақта іске асырылатын жаңа әдістер мен әдістемелерді қолдану арқылы білім беру үдерісінің шынайы реформалануын жүзеге асыру жолдары қарастырылады.							
<b>Бейіндеуші пәндер циклі</b>									

<b>Жоғары оқу орны компоненті</b>									
7	<b>Шетелдік тарихнамадағы жаңа бағыттар</b>	XX ғасырдағы шетел тарихнамасының қазіргі бағыттарының қалыптасу және даму тенденциялары қарастырылады, жаңа тарихи ағымдар, бағыттар, мектептер, жаңа тарихи бағыттар қалыптастырған шетелдік тарихшылардың шығармашылық мұрасы, тарих ғылымының дамуындағы маңызды процестер сипатталады және талданады. Шетелдік тарихнамадағы жаңа бағыттарды қарастыру арқылы теориялық - методологиялық тұжырымдардың, жекелеген тарихшылардың, ұлттық тарихи мектептер зерттеулерінің мәні мен маңызы түсіндіріледі.	6	+				+	+
<b>Бейіндеуші пәндер циклі таңдау компоненті</b>									
8	<b>Тарихи түркітану мәселелері</b>	«Түркі» этносы және этнонимі жайлы зерттеулер талданып, түркітанудың бастаулары мен ғылыми негіздері жайлы ақпарат беріледі. Түрік жазба ескерткіштері мен олардың тарихи түркітану бағытында зерттелу дәрежесі қарастырылады. Ресей және шетел, отандық түркітанушылардың зерттеулеріндегі түркі халықтарының тарихы сараланады. Түркітану саласындағы жетістіктер мен ғылыми экспедициялар есебінің ғылыми маңызына талдау жасалады.	5	+				+	+
	<b>Қыпшақтану</b>	Ориенталистикадағы «қыпшақ» этимологиясы, тарихы мен тарихи ескерткіштері, этнографиясы мен генезисі жайлы ғылыми ойлар талданады. Араб, парсы, түрік деректеріндегі қыпшақтардың қоғамдық-әлеуметтік өмірі мен халықтардың қатынасы, тілі мен әдебиеті, рухани тіршілігі мен діні туралы мәселелері зерделенеді.							
9	<b>Археологияның іргелі мәселелері</b>	Тас, қола және темір дәуірлеріндегі, орта ғасырлардағы археологиялық мәдениеттер сипатталып, кезеңдеудің фундаментальді мәселелері, мәдениеттерді салыстырмалы талдау, зерттеу әдістері талданады. Мал шаруашылығы, егіншілік және ирригация сынды ежелгі өндірістердің техникалық деңгейі мен эволюциясы сарапталып, көшпенділердің отырықшылыққа көшу мәселелері зерттеледі.	6	+				+	+
	<b>Қазақстандағы археологиялық зерттеулер тарихы</b>	Қазақстанның ежелгі дәуірдегі және орта ғасырдағы тарихын жаңғыртуда құнды мағлұмат беретін археологиялық ескерткіштердің зерттелу тарихы қарастырылады. Археологиялық ескерткіштерді табу үшін қолданылатын әдістер зерделеніп, қазақтардың материалдық мәдениетінің негізі ежелгі және орта ғасырлардағы мәдени жетістіктерді зерттеуге үлес қосқан кеңестік және отандық тарихшылардың еңбектеріне тарихнамалық талдау жасалынады.							

10	<b>Отан тарихының іргелі мәселелері</b>	Қазақстан аумағындағы өркениеттің негізгі ошақтары мен тайпалық одақтардың саяси және этникалық тарихына қатысты тарихи тұжырымдар қарастырылады. Моңғол ұлыстары, ортағасырлық мемлекеттер мен Қазақ хандығы арасындағы этникалық және саяси сабақтастық мәселелері шығармашылықпен талданады. Кеңестік билік пен әкімшіл-әміршіл жүйенің қалыптасуы мен нығаюының тарихи тәжірибесі сарапталады. Қазақстандағы мемлекеттік құрылыс пен әлеуметтік-экономикалық модернизация мәселелері зерттеледі.	4	+				+	
	<b>XX ғ. Қазақстан тарихының өзекті мәселелері</b>	Қазақстанның XX ғ. қайшылықты кезеңдеріне, тоталитарлық жүйе жүргізген саяси-экономикалық науқандарға архив құжаттары негізінде ғылыми баға беріледі. «Кіші Қазан» идеясы, ұжымдастыру, орыстандыру, сауатсыздықты жою, саяси репрессия мен аштықтың салдарына түсініктеме беріледі. Қазақстандағы сталиндік саяси террор және оның салдары талданады.							
11	<b>Әлем тарихының іргелі мәселелері</b>	Әлем тарихының ежелгі кезеңінің негізгі әлеуметтік-саяси мәселелері жаңа көзқарастар негізінде талданып, Еуропа мен Азиядағы феодалдық қатынастардың генезисі қарастырылады. Әлемдегі саяси-әлеуметтік, мәдени процесстердің даму кезеңдері мен олардың әркелкілігі қарастырылады. Қазіргі заманғы өркениеттер, олардың болашақ дамуына болжамдар және қарама-қайшылықтар сипатталады.	6	+				+	+
	<b>Күнделікті өмір тарихы</b>	Әр түрлі әлеуметтік таптарды, топтарды немесе кеңістіктерді, мекендерді құрайтын жекелеген адамдардың күн сайын қайталанатын, күнделікті өмір сүру әдетін, қоғамдық оқиғаларға қатысты эмоционалдық әрекетін және оған сәйкес өзін-өзі ұстау тәртіптерін сипаттайды. Қайталану динамикасының өзгеруіне әсер етуші факторлар зерделеніп, қоғамның интенсивті дамуын қадағалап отыруға мүмкіндік беретін жағдайлар талданады.							
12	<b>Әлем өркениеттерінің тарихы</b>	Әлемдік өркениеттің негізгі даму дәуірлері жайлы ғылыми түсінік қалыптастырады. Ежелгі шығыс, антика өркениеті мен эллиндік мемлекеттер жүйесіне сипаттама беріледі. Византия тарихы, Еуропада орын алған қоғамдық құбылыстар мен фактілерге салыстырмалы талдау жасайды. Әлемдік өркениеттер тарихындағы маңызды тарихи фактілерді, құбылыстар мен оқиғаларды, тарихи тұлғалардың қызметін сипаттайды.	6	+				+	+
	<b>Ұлы Дала өркениетінің тарихы</b>	Қазақ этимологиясы мен халық болып қалыптасу үрдісі немесе этногенез мәселелері талданады. Көшпелі негіздің қалыптасуы мен Қазақстан территориясында өмір сүрген тайпалық одақтардың							

		әлеуметтік ұйымдасуы сипатталады. Түркі дәуіріндегі эволюциялық процесстер мен Түркеш, Қарлұқ, Қарахан, Оғыз, Қимақ секілді мемлекеттердің қалыптасу тарихын сипаттайды. Қазақ Хандығының қалыптасуы мен саяси жағдайы, әлеуметтік ұйымдасуы қарастырылады.							
13	<b>Тарихнама мен деректанудың теориялық және методологиялық мәселелері</b>	Деректану және тарихи таным, тарихи деректердің сыныпталу мәселесі жан-жақты талданады. Тарих пен деректану әдістемесінің қатынасы сұрыпталып, тарихтың теориясы мен методологиясындағы мәселелерге сипаттама беріледі. Тарихи факт, тарихи деректің ақпаратты тасымалдаушы ретіндегі ролі сипатталады.	6	+				+	+
	<b>XX ғ. 20-30 жж. Қазақстанда тарих ғылымының қалыптасуы мен дамуы</b>	Аталған кезеңдегі тарих ғылымының қалыптасуы, дамуы талданады. 1917 жылғы Қазан революциясының мазмұны туралы қазақ интеллигенциясының еңбектері зерделенеді, Түркістан автономиясына көзқарастар сараланады. В.В.Бартольд, А.Ю.Якубовский, В.Владимировтың еңбектерінің Қазақстан тарихының дамуындағы маңызы қарастырылады. Х.Досмухамедұлының қазақтың батырлары жайлы зерттеуі Г.Сафаровтың еңбегінде сараланады. М.Шоқайдың Түркістанның тарихи тағдыры туралы көзқарастары талданады.							
14	<b>Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы</b>	Магистранттардың өзіндік теориялық, практикалық тұжырымдар жасау қабілетін дамытуға бағытталған зерттеу жұмысы орындалады. Өз пікірін қалыптастыру үшін ғылыми ақпаратты объективті бағалау дағдысын, еркін ғылыми ізденуде пәнаралық білімдерді интеграциялау қабілетін қалыптастырады. Білім беру қызметінде ғылыми білімін қолдану жолдарын қарастырады, оны ғылыми ортада талқылайды.	24	+	+		+	+	+